

"Табиғи газды магистральдық және (немесе) бөлуші құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 25 наурыздағы № 149-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 27 шілдедегі N 240-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 24 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6436 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын және 15-бабы 1-тармағының 3) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи газды магистральдық және (немесе) бөлуші құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 25 наурыздағы № 149-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2813 тіркелген), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспеде:

"6) тармақшасына" деген сөз "1-тармақтың 5) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Табиғи монополиялар туралы" деген сөздерден кейін "және реттелетін нарықтар" деген сөздермен толықтырылсын;

Сол жақтағы төменгі бұрыштағы "Келісілді: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы 2004 жылғы 1 сәуір" деген белгі алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи газды магистральдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесінде:

1-тармақтағы "Табиғи монополиялар туралы" деген сөздерден кейін "және реттелетін нарықтар" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бесінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;"

"уәкілетті орган – табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

тоғызыншы абзац "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақта және Ереженің бүкіл мәтіні бойынша ", Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетіне және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі," "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, ", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетінің және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің," деген сөздер алып тасталсын;

13-тармақта "жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардан" деген сөздер "жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органнан" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-тармақта "Хабарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің атына жіберіледі." деген сөздер алып тасталсын;

1-қосымшадағы бүкіл мәтін бойынша "Табиғи монополиялар туралы" деген сөздерден кейін "және реттелетін нарықтар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Құбыржолдары және су кәрізі жүйелері саласындағы реттеу департаменті осы бұйрықты заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлемшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Қ.М. Смағұловқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Алдабергенов

КЕЛІСІЛГЕН:

Қазақстан Республикасының

Мұнай және газ министрі

_____ С. Мыңбаев

2010 жылғы 20 шілде

КЕЛІСІЛГЕН:

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Жәмішев

2010 жылғы 23 шілде